Қаралды,
қабылданды,
жалпы мектепішілік
ата-аналар жиналысында

Бекітемін
«Еркіншілік ауылының ЖОББМ»КММ
директоры Исатаева Б.Г.
01.09.2024ж.

**Мектептегі тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия туралы ереже**

**1.Жалпы ереже**

1.1 Осы ереже мектепте оқушылардың тамақтану сапасын бақылауды күшейту мақсатында әзірленген. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия әр оқу жылының басында мектеп директорының бұйрығымен құрылады.

1.2 Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия өз қызметінде ҚР ДСМ 2021 жылдың 5 тамызында бекіткен № 76 «Білім беру нысандарындағы санитарлық эпидемиологиялық талаптар» бұйрығын жетекшілікке алады.

**2. Негізгі міндеттері**

2.1 Тамақтан улануды алдын алу;
2.2 Ішек- асқазан ауруларын болдырмау;
2.3 Тамақ дайындау технологиясының сақталуын бақылау;
2.4 Толыққанды тамақтануды ұйымдастыруда тағам ассортиментін кеңейту.

**3. Жұмыс түрімен мазмұны**

3.1 Бекітілген кесте бойынша тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия толық құрамда жұмыс жасайды.
3.2. Кестеден тыс қалған уақытта дайын тағамға тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бақылау жасауды мекеменің медицина қызметкері күнделікті жүргізіп отырады;
3.3. Дайын тағамға тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бақылау органолептік әдіспен жүргізіледі;
3.4. Әрбір дайын болған тағамға тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бақылау тағамды таратудың алдында жүргізеді;
3.5. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бақылау жүргізуде кулинардық өнімдердің, дайын тағамдардың және жартылай дайын тағамдардың (полуфабрикат) талаптарын басшылыққа алады;
3.6. Дайын тағамның тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі сынамасын алу тағамды таратудан 30 минут бұрын жүзеге асырылады;
3.7. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі сынама ыдыстағы дайындалған тағамды бірнеше рет мұқият араластыра отыра алынады.